

Паспорт образовательной программы

Дата регистрации в Реестре

2022.08.16 16:25

Регистрационный номер

20951

Дата обновления паспорта ОП:

2022.08.16 16:25

Код и наименование специальности:

07240700 Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау және бұрғылау жұмыстарының технологиясы

Код и наименование квалификации/квалификаций:

4S07240702 Техниг-технолог

Регион:

Ақтөбе облысы

Организация ТипПО (Разработчик):

" Мұғалжар гуманитарлы-техникалық колледжі" жеке мекемесі

Партнеры-разработчики:

" Вернал Ойл Казахстан" ЖШС, Қандыағаш қаласы

Цель ОП:

Ұңғыманы бұрғылауға дайындау, ұңғымаларды іске қосу-баптау, бұрғылау, бекіту және игеру бойынша дайындық жұмыстарын жүргізуге оқыту, ұңғыма жабдықтарын жөндеу,оның қолданылуын оқыту, мұнай және газ кен орындарын игерудің геологиялық негіздерін түсіну, күрделі жағдайларда ұңғыманы басқаруға,жұмысын жүргізуге мамандар дайындау

Уровень по НРК:

4

Уровень по ОРК:

4

Профессиональный стандарт (при наличии):

" Бұрғылау жұмыстары" ҚР "Атамекен" ҰКП 26.12.2019 ж. № 263, №83 Қосымша

Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):

жоқ

Форма обучения:

күндізгі

База образования:

негізгі орта білім

Язык обучения:

мемлекеттік

Общий объем кредитов:

240

Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:

16.05.2022 ж

Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:

№0156416

Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:

001

Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):

17.10.2020 ж

Отличительные особенности ОП:

-

Сведения о содержании модулей/дисциплин:

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
ЖБП 1. Қазақ тілі	Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану, күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым - қатынас құралынан оны тілдік заңдылықтар негізінде танып - білу дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті», «Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. Сөз мәдениеті», «Адамзат дамуының жаһандық мәселелері», «Адам өмірін сақтау. Тілдік жүйе және норма», «Сәулет өнері», «Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі», «Экология: ядролық және мұнай өндірістері», «Қазіргі	3

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	қоғам: миграция және зияткерлік миграция», «Әлемді өзгерткен өнертабыстар», «Туризм: экотуризм»	
ЖБП 2. Қазақ әдебиеті	Креативті ойлауға бағыттау, ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қалың елім, қазағым», «Қазақтың Қанышы», «Парасат пайымы», «Тарих тағылымы», «Кеңістік пен уақыт», «Зобалаң заман шындығы», «Ғасырлық туынды», «Табиғат және адам»	3
ЖБП 3. Орыс тілі және әдебиеті	Орыс тілі мен әдебиетін кіріктірілген оқыту негізінде тілдік дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады және дамытады, ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді, жалпы әлемдік білім беру кеңістігінде бағдарлануға көмектеседі. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Туризм: Экотуризм», «Человек и Родина», «Наука и этика», «Планета. Земля. Океаны», «Литература и искусство», «Тема социального неравенства в СМИ и литературе», «Торговля и помощь. Справедливая торговля»,	4

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	«Значение труда в жизни человека и общества», «Показатель развития общества: экология, биоресурсы», «Свободное время как показатель развития общества», «Человек и история», «Энергия будущего. Энергия слова», «Мир и безопасность», «Театр и кино в современном мире», «Высшая ценность – права человека», «Современное общество: миграция».	
ЖБП 4. Шет тілі	Білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізілген шет тілін меңгерудің бастапқы деңгейін арттырады, студенттердің тұрмыстық, мәдени, кәсіби және ғылыми қызметтің әртүрлі салаларындағы әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерді шешу үшін қажетті және жеткілікті коммуникативтік құзыреттілік деңгейін меңгеруіне ықпал етеді. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: « Legend or Truth», «Natural Disasters», «Virtual reality», «Organic and non-organic worlds», «Reading for pleasure», «Capabilities of human brain», «Breakthrough technologies», «Space X», «Making connections in biology», «Investigate and report on animal world bats eagles bees and dolphins», «Human brain», Investigate and report on timekeeping devices/Science video», «Work and inventions», «STEM», «Reading for Pleasure», «Independent project», «The clothes of chemistry».	4
ЖБП 5. Математика	Байланысты пәндерді оқу, практикалық іс-әрекетте қолдану үшін қажетті математикалық білімді қалыптастырады. Пән келесі бөлімдерден тұрады: «Функция,	8

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	оның қасиеттері мен графигі», «Тригонометриялық функциялар», «Көпмүшелер», «Математикалық статистика және ықтималдық теориясы», «Дәрежелер мен түбір. Дәрежелік функция», «Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар», «Функция шегі және үзділіссіздігі», «Туынды және оны қолданылуы», «Алғашқы функция және интеграл», «Комплекс сандар», «Дифференциалдық теңдеулер», «Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі параллельдік және перпендикулярлық», «Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар», «Көпжақтар», «Айналу денелері және олардың элементтері», «Денелер көлемдері».	
ЖБП 6. Информатика	Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, деректерді ұсыну, ақпараттық процестер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру, компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы білімді, икемдер мен дағдыларды қалыптастырады. Пән: «Аппараттық және программалық қамтамасыз ету», «Деректерді ұсыну», «Ақпараттық процестер мен жүйелер», «Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру», «Қосымшаларды әзірлеу», «Компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік» сияқты бөлімдерді зерттейді.	2
ЖБП 7. Қазақстан тарихы	Қазақстанның түрлі тарихи кезеңдердегі этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі	4

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>мәселелерін ұғынуына, оның әлемдік тарихи үдерістегі орны мен рөлін айқындауына; тарихи санасы, азаматтылығы мен патриотизмі бар тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «. Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: экономикалық даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «. Білім мен ғылымның дамуы».</p>	
ЖБП 8. Өзін-өзі тану	<p>Жеке тұлғаның адамгершілік негіздерін қалыптастыруға, оның рухани жетілуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына, үйлесімді дамуына ықпал етеді, өзін және басқа адамдарды қабылдауға және түсінуге ықпал етеді, ашықтықтың, әлеуметтік жауапкершіліктің, шығармашылық белсенділіктің және өмірді жағымды қабылдаудың дамуына ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Таным жолында», «Тұлғаның қалыптасуы», «Қоғамдағы өмір», «Адамзат әлемі».</p>	2
ЖБП 9. Дене тәрбиесі	<p>Жалпыадамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға, оқушылардың дене және психикалық денсаулығын нығайтуға деген ынтасын арттыруға, спорттық-</p>	5

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>ерекше қимыл дағдыларын алуға және дене қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Дене шынықтыру туралы білім», «Жеңіл атлетика», «Спорттық ойындар», «Гимнастика», «Ұлттық спорт түрлері», «Қысқы спорт түрлері», «Жүзу».</p>	
<p>ЖБП 10. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық</p>	<p>Мемлекет қорғанысының негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуы, олардың сипаты мен ерекшеліктері туралы түсініктерді қалыптастырады, әскери қызметке саналы көзқарасты тәрбиелейді, төтенше жағдайларда адамның тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің дағдыларын қалыптастырады. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі», «Әскери қызметтің құқықтық негіздері», «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары», «Тактикалық дайындық», «Атыс дайындығы», «Саптық дайындық», «Әскери топография», «Әскери роботты техникалардың негіздері», «Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері», «Технологиялық дайындық».</p>	<p>4</p>
<p>ЖБП 11. Физика</p>	<p>Ғылыми дүниетанымның негіздерін, әлемнің жаратылыстану бейнесін тұтас қабылдауды, табиғат құбылыстарын байқау, талдау және бекіту қабілетін</p>	<p>6</p>

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>қалыптастыруға ықпал етеді, әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізін құрайтын іргелі физикалық заңдар мен принциптер туралы білімді, табиғатты ғылыми тану әдістерін дамытуға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Механика», «Жылу физикасы», «Электр және магнетизм», «Электромагниттік тербелістер», «Электромагниттік толқындар», «Оптика», «Салыстырмалы теорияның элементтері», «Кванттық физика», «Нанотехнология және наноматериалдар», «Космология».</p>	
ЖБП 12. Химия	<p>Заттар мен олардың өзгерістері, заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін қалыптастырады, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылымына тәуелділігін түсіндіреді, химиялық процестерді, заңдар мен олардың заңдылықтарын түсінеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Заттардың бөлшектері», «Периодтылық. Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары», «Химиялық реакциялар энергетикасы», «Химия және қоршаған орта», «Химия және өмір».</p>	6
ЖБП 13. Биология	<p>Ұйымның әртүрлі деңгейлеріндегі өмірдің мәнін, дамуын және көріністерін түсінуге ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Молекулярлық биология және биохимия», «Жасушалық биология», «Қоректену», «Заттардың тасымалдануы»,</p>	3

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	«Тынысалу», «Бөліп шығару», «Жасушалық цикл Көбею», «Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары», «Эволюциялық даму Селекция негіздері. Тірі ағзалардың алуантүрлілігі», «Координация және реттеу», «Қозғалыс», «Биомедицина және биоинформатика», «Биотехнология», «Биосфера, экожүйе, популяция», «Экология және адам іс- әрекетінің қоршаған ортаға әсері».	
ЖБП 14. География	Географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындайтын геоэкологиялық, экономикалық, әлеуметтік, геосаяси және жаһандық проблемаларды шешуге бағытталған білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Географиялық зерттеу әдістері», «Картография және геоинформатика», «Табиғатты пайдалану және геоэкология», «Геоэкономика», «Геосаясат», «Елтану», «Адамзаттың ғаламдық проблемалары».	3
БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.	8
	ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	3
БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.	3
	ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық	2

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану.	
БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру.	0.5
	ОН 3.2. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну.	1
	ОН 3.3. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.	1
	ОН 3.4. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау.	0.5
БМ 4. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	ОН 4.1. Төзімді және белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну.	1.5
	ОН 4.2. Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну.	1.5
	ОН 4.3. Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру.	1.5
	ОН 4.4. Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін меңгеру.	1.5
КМ 1. Бұрғылау қондырғылары мен ұңғыманы бұрғылауға арналған жабдықтарды дайындау	ОН 1.1. Ұңғыманы салуға дайындық жұмыстары кезінде бұрғылау қондырғысына қызмет көрсету.	2
	ОН 1.2. Бұрғылау қондырғысы мен бұрғылау жабдықтарын монтаждау.	2
	ОН 1.3. Бұрғылау қондырғысын	2

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	түсіруге және түсіру-көтеру операциялары кезінде жоғардағы жұмыстарға дайындықты жүзеге асыру.	
КМ 2. Ұңғымаларда бұрғылаудың технологиялық процесін жүргізу	ОН 2.1. Ұңғымаларда бұрғылаудың технологиялық процесін жүргізу.	3
	ОН 2.2. Түсіру-көтеру операциялары автоматының жұмысын басқаруды жүзеге асыру.	2
	ОН 2.3. Ұңғымадағы шегендеу бағаналарын цементтеу, цемент көпірлерін орнату және бұрғылау бойынша жұмыстарды жүзеге асыру.	3
	ОН 2.4. Бұрғылау сорғыларын іске қосуды, тоқтатуды және олардың жұмысын бақылауды жүргізу.	2
	ОН 2.5. Ұңғымаларды күрделі және жерасты жөндеу бойынша жұмыстарды жүзеге асыру.	4
	ОН 2.6. Ұңғымаларды зерттеу жұмыстарын жүргізу.	3
КМ 3. Бұрғылау (сазды) және цемент ерітінділерін дайындауды қамтамасыз ету	ОН 3.1. Бұрғылау ерітінділерін дайындау.	2
	ОН 3.2. Бұрғылау ерітінділерін дайындау, ауырлату және химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу.	2
	ОН 3.3. Бұрғылау (саз) және цемент ерітінділерін өңдеуге арналған рецепт жасау.	2
	ОН 3.4. Бұрғылау ерітінділерін өңдеу үшін, ерітінділер сапасын жақсартуға байланысты зерттеулер үшін қолданылатын реагенттердің сапасын анықтау.	1
	ОН 3.5. Кернді, тау жыныстарынды	2

№ модуля/дисциплины	Наименование	Результаты	
		обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
		іріктеу, оларды орау және жіберу процесін үйлестіру.	
	КМ 4. Жабдықтарға техникалық қызмет көрсету	ОН 4.1. Жер үсті және жер асты бұрғылау жабдықтарының техникалық жағдайын бақылау.	1
		ОН 4.2. Бақылау-өлшеу аспаптарының, автоматтар мен сақтандыру құрылғыларының жұмысын тексеру.	1
		ОН 4.3. Шығарындыға қарсы жабдықтардың жағдайын тексеру.	1
		ОН 4.4. Бұрғылау жабдығына профилактикалық жөндеу жүргізу.	1
	КМ 5. Ұңғымада қорытынды жұмыстарды орындау	ОН 5.1. Ұңғымада қорытынды жұмыстарды орындау және бұрғылау қондырғысын бөлшектеу.	5
		ОН 5.2. Бұрғылау жабдықтарын тасымалдауға дайындау.	2
		ОН 5.3. Қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес техникалық құжаттаманы рәсімдеу.	1
		ОН 5.4. Бригада өз станогымен қозғалғанда бұрғылау қондырғысын монтаждау, бөлшектеу, тасымалдауды жүргізу.	5
	КМ 6. Ұңғыманы бұрғылауға дайындау	ОН 6.1. Бұрғылау жұмыстары мен смета жобасының күрделі емес өндірістік-техникалық бөлігін дайындау үшін ақпарат жинауды жүргізу.	2
		ОН 6.2. Жұмыс ауданының геологиялық жағдайларына сәйкес бұрғылау жұмыстарын жүргізу үшін материалдарды, құралдарды, аспаптарды, құрылғыларды дайындауды және іріктеуді жүргізу.	2
		ОН 6.3. Бұрғылау жұмыстарын жүргізу үшін бұрғылау агрегаттарын (механизмдерін) қарау, тексеру және бақылау	3

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	жүргізу.	
	ОН 6.4. Дайындық-қорытынды операциялары бар бұрғылау станогының астына алаңды (тегістеу, жоспарлау) дайындау.	2
	ОН 6.5. Станоктарды деңгей бойынша теңестіре отырып, алаңда монтаждауды жүргізу.	5
КМ 7. Ұңғымаларды іске қосу-баптау, бұрғылау, бекіту және игеру бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу	ОН 7.1. Бұрғылау жұмыстарын жүргізу үшін механизмдер мен жабдықтарды қосуды, жалғауды, монтаждауды жүргізу.	6
	ОН 7.2. Бұрғылау станогының барлық механизмдері мен жабдықтарының іске қосылуын және жұмысқа қабілеттілігін тексеру.	2
	ОН 7.3. Әр түрлі жағдайларда (құрлықта, су қоймалары мен теңіздердің бетінен) барлық түрдегі ұңғымаларды бұрғылау (тік, бағытталған-көлденең).	6
	ОН 7.4. Бұрғылау кезінде вахтаны қабылдау және тапсыру.	2
	ОН 7.5. Ұңғыманың тереңдігін тексеру.	2
	ОН 7.6. Бұрғылау нәтижелері бойынша есепке алу және техникалық есеп жүргізу.	2
	ОН 7.7. Ұңғыма оқпанын бекіту және оның тампондауын жүргізу.	4
	ОН 7.8. Шоғырды ашу және пайдалы қазбадан сынама алу.	2
	ОН 7.9. Қабатты ашу және су ағынын сынау.	2
	ОН 7.10. Шегендеу құбырларын іске қосуды және оларды цементтеуді жүргізу.	3
КМ 8. Ұңғымада жөндеу	ОН 8.1. Ұңғыманы бұрғылау және	8

№ модуля/дисциплины	Наименование	Результаты	
		обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	жұмыстарын жүргізу және жөндеу жұмыстарының басқа түрлерін сүйемелдеу	қайта жаңарту кезінде жер үсті және жер асты бұрғылау жабдығына жөндеу жүргізу.	
		ОН 8.2. Бұрғылау және қосалқы жабдықтарға профилактикалық жөндеу жүргізу.	8
		ОН 8.3. Бұрғылау кезінде асқынулардың алдын алу және жою бойынша жұмыстар жүргізу.	6
		ОН 8.4. Техникалық, технологиялық, геологиялық, табиғи және ұйымдастырушылық апаттардың алдын алу және жою бойынша тәжірибелік дағдыларды қолдану.	8
	КМ 9. Мұнай және газ кен орындарын игерудің геологиялық негіздерін жүргізу	ОН 9.1. Кернді, бұрғылау шламын, тау жыныстары үлгілерін сипаттауды және бұрғылау бойынша тау жыныстарының беріктік санатын анықтауды жүргізу.	8
		ОН 9.2. Бастапқы геологиялық-техникалық құжаттаманы жүргізу.	1
	КМ 10. Күрделі жағдайларда ұңғыманы басқару	ОН 10.1. Күрделі жағдайларда жұмысты ұйымдастыру.	8
		ОН 10.2. Техникалық құжаттаманы рәсімдеу.	1
		ОН 10.3. Бұрғылау процесінде асқынулар мен авариялардың пайда болу қаупін анықтау.	3
	Аралық, қорытынды аттестаттау	-	13